

ӘОЖ 82.0:001.89; МҒТАР 17.01.21
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.06>

А.К. ДҮЙСЕНБИ¹, Д. ЫСҚАҚҰЛЫ²

¹филология ғылымдарының кандидаты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: askarduisebi@gmail.com

²филология ғылымдарының докторы, профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: danday_09@mail.ru

ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ АБАЙ МҰРАСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ МЕТА-АНАЛИЗИ

Аңдатпа. Мақалада Абай мұрасына қатысты түркі әлемінде ғылыми еңбектер библиометрикасының мета-анализі жасалды. Зерттеу жұмысында түркі әлемінде 1996–2023 жылдардағы Абай мұрасына жасалған еңбектерді жинақтап, библиометрика көрсеткіштерінің мета-анализін жасау мақсаты көзделді. Абай мұрасының түркі әлеміндегі жәй-күйін сипаттайтын ғылыми зерттеу мақаламызда сапалық зерттеу түрі қолданылды. Ақпараттар мен мәліметтер библиометрика анализі әдісімен талданды. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындысы график, диаграмма түрінде көрсетілді.

Зерттеудің ақпараттары Elsevier Scopus, ScienceDirect, Researchgate, ғылыми, академиялық рецензияланатын журналдарды электрондық ортада ұсынатын <http://dergipark.gov.tr/>, <https://trdizin.gov.tr/> веб-сайтынан және Түркия Жоғары білім беру, магистратура және докторантура диссертациялар архиві <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi> дерекқорларынан алынды. Azərbaycan milli kitabxanası, Alisher Navoiy nomıdagi O'zbekiston Millı kutubxanası, Башкортостан Республикасының Әхмәт Зәки Валиди исемендаге милли китапханасы, Татарстан Республикасы Милли китапханәсі, Türkmenistanyň Döwlet Kitaphanasy деп аталатын электрондық китапханаларындағы библиографиялық көрсеткіштер жинақталды.

Зерттеу түркі әлеміндегі 1996–2023 жылдардағы Абай мұрасына жасалған 114 ғылыми зерттеу мақала, Абай өлеңдері мен қарасөздерінің 26 аударма нұсқасы, 11 магистрлік, 4 PhD диссертация еңбегін қамтиды. Абай мұрасына қатысты 2020 жылдарда ең көп еңбектер жазылған, оның ішінде ғылыми зерттеу мақала (114), түрік тілінде барлығы 48 журналға жарияланған. Абай мұрасы өзбек (7), түрік (6), қырғыз (5), әзербайжан (4), қарақалпақ (1), татар (1), түрікмен (1), ұйғыр (1) тілдеріне аударылған.

Мақаладағы зерттеу нәтижелері мен қорытындылары қазақ әдебиетінде, абайтануда ғылыми әдебиет дереккөзі ретінде қолданыла алады.

Кілт сөздер: Abai, Abay, Kunanbay, Qunanbay, түркі әлемі, мета-анализ, библиография.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Дүйсенбі А.К., Ысқақұлы Д. Түркі әлеміндегі Абай мұрасы зерттеулерінің мета-анализі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 67–77. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.06>

*Cite us correctly:

Duisenbi A.K., Ysqaquly D. Turki alemindegi Abai murasy zertteulerinin meta-analizi [Meta-analysis of Studies on Abay's Heritage in the Turkic World] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 67–77. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.06>

A.K. Duisenbi¹, D. Isqaquly²

¹*Candidate of Philological Sciences*

Al-Farabi Kazakh National University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: askarduisenbi@gmail.com

²*Doctor of Philological Sciences, Professor*

Al-Farabi Kazakh National University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: danday_09@mail.ru

Meta-analysis of Studies on Abay's Heritage in the Turkic World

Abstract. In this scholarly article, a comprehensive meta-analysis of bibliometric data pertaining to the scholarly output within the Turkic world concerning Abai's legacy has been undertaken. The primary objective of this study is to compile and analyze works related to Abai's heritage in the Turkic world from 1996 to 2023, employing a range of bibliometric indicators.

The research adopts a qualitative research methodology. Within this framework, extensive information, and data pertinent to Abay's heritage have been meticulously analyzed employing bibliometric analysis techniques. The findings and conclusions of this study are effectively presented using graphical representations, charts, and tables.

Data for this research have been sourced from reputable academic databases, including Elsevier Scopus, ScienceDirect, ResearchGate, <http://dergipark.gov.tr/>, <https://trdizin.gov.tr/>, all of which host peer-reviewed academic journals in an electronic format. Additionally, information was retrieved from the databases of Turkish Higher Education, Master's, and Doctorate Dissertations, available at <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi>.

Furthermore, bibliographic data from esteemed institutions such as the National Library of Azerbaijan, Alisher Navoiy O'zbekiston Milli Library, Akhmet Zaki Validi National Library of the Republic of Bashkortostan, Milli Library of the Republic of Tatarstan, and Dvett Kitaphanasy, the national electronic libraries of Turkmenistan, were meticulously collected and incorporated into the study.

The research dataset comprises 114 scientific research articles, 26 translated versions, 11 master's theses, and 4 doctoral dissertations. These works collectively investigate the theme of Abai's heritage in the Turkic world from 1996 to 2023. Notably, during the period 2020, there has been a discernible increase in the number of published works pertaining to Abai's legacy, with the majority of these works (114) being featured in 48 Turkish-language academic journals. Remarkably, Abai's legacy has transcended linguistic boundaries, with translations of his works being available in languages such as Uzbek (7), Turkish (6), Kyrgyz (5), Azerbaijani (4), Karakalpak (1), Tatar (1), Turkmen (1), and Uyghur (1).

The findings and conclusions presented within this article serve as a valuable resource within the realms of Kazakh literature and «Abaytanu», offering insights and a comprehensive overview of the scholarly output concerning Abai's legacy within the Turkic world.

Keywords: Abai, Abay, Kunanbay, Qunanbay, turkic world, meta-analysis, bibliography.

А.К. Дуйсенби¹, Д. Ысқақұлы²

¹*кандидат филологических наук*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: askarduisenbi@gmail.com*

²*доктор филологических наук, профессор*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: danday_09@mail.ru*

Мета-анализ исследований наследия Абая в тюркском мире

Аннотация. В статье сделан мета-анализ библиометрических данных научных трудов в тюркском мире, касающихся наследия Абая. Основная цель данного исследования – собрать и проанализировать работы, связанные с наследием Абая в тюркском мире с 1996 по 2023 год, с использованием ряда библиометрических показателей. В научно-исследовательской статье, описывающей состояние наследия Абая в тюркском мире, был использован качественный вид исследования. Информация и данные были проанализированы методом библиометрического анализа. Результаты и выводы исследования представлены в виде графиков, диаграмм.

Данные для этого исследования были получены с веб-сайта Elsevier Scopus, SecienceDirect, Researchgate, <http://dergipark.gov.tr/>, <https://trdizin.gov.tr/> и из базы данных <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi>. Собраны библиографические указатели электронных библиотек Национальной библиотеки Азербайджана, Библиотеки имени Алишера Навои Узбекистана, Национальной библиотеки Республики Башкортостан имени Ахмета Заки Валиди, Библиотеки Республики Татарстан и Туркменистана.

Исследование включает в себя 114 научно-исследовательских статей по наследию Абая в тюркском мире за 1996-2023 годы, 26 переводных версий стихов и высказываний Абая, 11 магистерских, 4 PhD диссертаций. В 2020 году написано наибольшее количество работ, касающихся наследия Абая, причем большинство из этих работ (114) опубликовано в 48 академических журналах на турецком языке. Наследие Абая переведено на узбекский (7), турецкий (6), кыргызский (5), азербайджанский (4), каракалпакский (1), татарский (1), туркменский (1), уйгурский (1) языки.

Результаты и выводы исследования в статье могут быть использованы в качестве источников научной литературы в казахской литературе, абаеведении.

Ключевые слова: Abai, Abay, Kunanbay, Qunanbay, тюркский мир, мета-анализ, библиография.

Кіріспе

Барлық халықтың өркениет тарихында жарқын із қалдырған ұлы тұлғалар өткен. Ұлттың ұлы тұлғаларының артына қалдырған мирасы қоғамның ортақ құндылықтарын құрайды. Қазақ тарихы мен мәдениетінің кешегісін бүгінгімен жалғаған көпір, болашағын құнды мұрасымен сәулелендірген жарық жұлдыздың бірі және бірегейі – ойшыл, ғұлама, ақын Абай Құнанбайұлы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев [1] «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «адамзаттың бәрін сүй...» деп өткен ақынның әлемдік өркениеттегі орны жайлы былай дейді: «Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кеменгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады».

Тарихи тұлғалардың өнегелі жарқын өмірі мен артына қалдырған құнды мұрасы халықтың тарихы, бүгінгі мен болашағына қатысты ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан олардың өнегелі өмірі мен шығармашылықтарының танылуы, зерттелуі, жас ұрпаққа жеткізілуі – жауапты іс. Абайтанудың алғашқы жылдарынан бастап бүгінге дейін Абай мұрасы болашақ ұрпаққа ұлттық, адамзаттық құндылықтарды жеткізу, насихаттау және кемел ұрпақ тәрбиелеуде маңызды, жетекші рөлге ие екені тұрғысынан зерттеліп келеді. Абайтанудағы бұл ұстаным ұлт ұстазы А. Байтұрсынов сонау 1913 жылдарда Абайды «қазақтың бас ақыны» деп бағалап кеткенінен бастау алады. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші ғалым Д. Ысқақұлының айтуынша, «А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» «абайтанудың іргесін бекіте түскен берік қазылған темір қазығы болды» [2, 29-б.].

Қазіргі кезде Абай мұрасы елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде және түркі әлемінде белсенді түрде танытылып, насихатталып, шығармалары зерттеліп жатыр. Абай мұрасы

эртүрлі ғылым салаларының зерттеу нысанасы болып жатқан уақытта абайтану ғылымының даму деңгейін көрсететін зерттеу еңбектерге қажеттілік туындайтыны сөзсіз. Айналысқан ғылым саласының бағыт-бағдарын толығырақ қамтитын дереккөз әдебиеттер келешек зерттеушілер үшін қай кезеңде болса да өзектілігін жоғалтпайды. Абай мұрасына қатысты ғылыми еңбектердің библиометрика көрсеткіштеріне зерттеу жасаған (17.08.2023) уақытта түркі әлемінде Абай мұрасына қатысты ғылыми еңбектерді анықтап, жүйелеп, бір жерге жинақтаған зерттеу жұмысын кездестіре алмадық. Көбінесе, Абай мұрасының түркі әлеміндегі зерттелуін, жариялануын зерттеген еңбектерде түркі әлемінде Абай шығармаларының аударылуы жайы ғана қарастырылған. Абай және оның мұрасына жасалған зерттеулерді барынша толық қамтыған ғылыми еңбек жоқтың қасы деуіміздің себебі, зерттеуімізде түркі әлеміндегі аудармаларды ғана емес, диссертациялар, ғылыми мақалалар, кітап, кітап бөлімдері, сайттардағы дереккөздерді, ең бастысы әлемдегі беделді ғылыми дерекқорлар базасындағы деректерді де қамтуға тырыстық. Түркі әлемінде жарық көрген Абай мұрасына қатысты ғылыми зерттеу еңбектер библиометрикасының мета-анализі қазірге дейін жасалған маңызды ғылыми әдебиеттерді анықтап, бір жерге жинақтауды және библиометрика анализін жасауды мақсат етеді. Зерттеу жұмысының қорытындысы түркі әлеміндегі Абай тақырыбында жасалып, жарияланған ғылыми зерттеу еңбектердің сандық көрсеткіштерін ұсынады. Зерттеуіміздің нәтижелері мен қорытындысын Абайтану ғылымының дамуын, бағытын анықтауда қайнаркөз ретінде пайдалануға әбден болады. Ал бұл өз кезегінде Абайтану саласындағы зерттеу жұмыстарында уақыт пен ресурстардың босқа жұмсалмауының алдын алып, жасалып қойған дүниені қайталап, жасай беруден сақтандырады.

Зерттеу әдістері және материалдар

Мақаламызда түркі әлемінде Абай мұрасына жасалған еңбектердің ғылыми әдебиетіне шолу және мета-анализін жасау үшін сапалық зерттеу әдісі кейс-стади қолданылды. Себебі Абай мұрасына байланысты қазіргі ғылыми дерекқорлардағы ғылыми зерттеулердің сандық, статистика анализін жасау арқылы Абай мұрасының түркі әлеміндегі жәй-күйін нақты сипаттай аламыз. Сондықтан мақалада зерттеу мақсатына орай түркі әлемінде Абай мұрасына байланысты жарияланған зерттеу еңбектері әлемдік беделді ғылыми дереккөздерден анықталып, жүйеленіп, жинақталды және анализ жасалды. Мақалада Абай мұрасы қаншалықты игерілді, зерттелді, қандай деңгейде, нелер жасалды, нелер жасалуы керек деген сұрақтар қарастырылды.

Абай және оның шығармалары туралы түркі әлемінде жарияланған еңбектер Web of Science дерекқоры, Researchgate.net, Scopus Elsevier деректер базасы, <http://dergipark.gov.tr/https://trdizin.gov.tr/> ғылыми, академиялық рецензияланатын журналдарда халықаралық әлемдік стандарттарға сай жариялану қызметін электрондық ортада ұсынатын веб-сайтта және <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi> Түркия Жоғары білім беру, магистратура және докторантура диссертациялар архивінде мәтін анализі (text mining) ақпарат жинау (data mining) тұрғысынан зерттелді. Elsevier Scopus дерекқоры бойынша әлеуметтік ғылымдар (social sciences), өнер және гуманитарлық ғылымдар (arts and humanities) бөлімдері бойынша ғана іздеу жасалды (17.08. 2023). Іздеуде «abau», «abai», «qunanbayev», «kunanbayev», «kounanbaiouly», «abau kazakh poet», «abai poetry», «kazak şair», «kazak şiirleri» «Абай Құнанбайұлы», «Абай Қунанбайұлы» деген кілтсөздер қолданылды. Ұлы ақын Абайдың атымен аталатын елді мекендер, жерлер, оқу орындары, көшелердің атауларының көп болуы іздеу барысында өте мол мәліметтерді шығарды. Қазақ тілінің латын әліппесіне көшуінің бір керек болған жері де осында екеніне көзіміз жете түсті. Себебі, латын әліпбиіне көшу жазудың біркелкілікті сақтайды. Мысалы, Абай деген сөзді латын


әріптерімен екі түрлі жазамыз «Абай»; «Abai». Осылайша, екі түрлі жазу да іздеу нәтижелеріне әсер етеді.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы әлемдік білім қоры жинақталатын ғылыми ресурстарды қолданбау, өзіне қатысты ғылым саласының негізгі библиографиясын нақты білмеу – ғылымдағы жаңалыққа ілесе алмау деген сөз. Әлемнің бір жерінде жарияланған жаңашыл ғылыми зерттеу жұмысымен таныс емес ғалым, зерттеушінің әлемдік ғылыми бәсекелестік деңгейіне көтеріле алмайтыны – белгілі жәйт. Елде жасалған зерттеу жұмыстары, қорғалған пікірлер, ашылған жаңалықтар басқа жерде ешқандай әсер тудырмаса, ешкімге керегі болмаса, әлемдік танымал, беделді ғылыми ортаға кіре алмайды. Өмірден тыс қалып, қолданылмай, мұрағаттар мен кітапхана сөрелерінде ғана тұратын ғылым өміршең бола алмайды. Қоғамның мәдени, экономикалық, ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктеріне жауап бере алмаған білімнің бәсекеге жауап бере алмайтынына әр сәт сайын куә болып отырмыз. Сондықтан Абай мұрасының халықаралық индексті журналдарда жариялануы әлемдік деңгейде танытылуы, насихатталуы маңызды әрі осы бағытта көбірек жұмыстар жасалуы керек деп ойлаймыз. Түркі әлеміндегі Абай мұрасына жасалған ғылыми еңбектердің мета-анализін қамтыған зерттеуіміз төмендегідей мәселелерді анықтап, талдауды қарастырды. Олар: Абай мұрасына қатысты жарияланған ғылыми жұмыстардың түрлері (1-сурет); Абай мұрасының түркі тілдеріне аударылуы (2-сурет); түркі әлеміндегі Абай мұрасына жасалған ғылыми зерттеу мақалалардың 1996–2023 жылдар арасында жариялану жағдайы (3-сурет); Абай және оның мұрасы жарияланған ғылыми журналдар (4-сурет); Түркияда 1996–2021 жылдар арасында Абай мұрасы тақырыбына қорғалған диссертациялар (5-сурет); Абай және шығармаларына жазылған кітаптар; Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы жазылған энциклопедия бөлімдері.

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары түркі әлемінде Абай мұрасы бойынша жарияланған 114 ғылыми зерттеу мақала, 26 аударма нұсқасы, 1996–2023 жылдар арасында Түркияда қорғалған 11 магистрлік, 4 PhD диссертация еңбегі, 9 кітап, 48 ғылыми журналдың библиографиялық көрсеткіші негізінде жасалды. Ғылыми мақалаларды анықтау және талдау жасалғанда түркі әлеміндегі «Абай жолы» романы және оның аударылуы жайлы жарияланған мақалалар қамтылмады.

Абай – қазақтың бас ақыны ғана емес, әлемдік мәдениет тарихында өзіндік орны бар ұлы тұлға [3]. Бүгінге дейін елімізде ғана емес, әлемде Абай мұрасы жайлы әртүрлі салада еңбектер жазылды, өнер туындылары жасалды [4]. Абай шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылды [5]. Абай және оның шығармаларын таныту, зерттеу бағытында жарияланған еңбектер саны 1-суретте берілді.



1-сурет – Түркі әлемінде Абай мұрасына жасалған еңбек түрлері

Абай мұрасының түркі тілдерінде жасалған аударма нұсқаларын зерттеу нәтижесі төмендегідей: әр жылдары өзбек тіліне 7 рет, түрік тіліне 6 рет, қырғыз тіліне 5 рет, азербайжан тіліне 4, қарақалпақ 1, татар 1, түрікмен 1, ұйғыр тілдеріне 1 рет аударылып, жарияланғанын көрсетті (2-сурет).




2-сурет – Абай мұрасының түркі тілдеріндегі аударма басылымдары

Абайтану тарихында 1940–2020 жылдар арасында 20 библиографиялық еңбек дайындалған [6, 87–89-бб.]. Абайтану тарихында Абай мұрасына қатысты жасалған көптеген библиографиялық еңбек болғанымен, түркі әлеміндегі жәй-күйін анықтап, жинақтаған зерттеу еңбекті кездестіре алмадық. Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өту іс-шаралары арасында Абай шығармалары әлемнің 34 тіліне аударылғаны, оның ішінде түркі тілдеріне аударылғаны жайлы баспасөз бетінде жаңалық сипатында көптеген хабарландырулар жазылды. 2020 жылы бірнеше журналда жарияланған «Абай еңбектері түркі тілдерінде» атты мақалада авторы Есбосынов Ерғали «Қунанбаев Абай Шерләр вә поемалар» деген кітап азербайджан тілінде, «Қунанбаев Абай Тангламалы қосықлар» қарақалпақ тілінде, «Шигырьләр һәм поэмалар» татар тілінде, «Абай in Eserlerinden seçmeler» деген атаумен бұдан бұрын да түркі тілдеріне аударылған Абай шығармалары атап өтіледі.


Абай мұрасының түркі әлеміндегі танытылуын, зерттелуін қарастырғанымызда, 1996–2023 жылдар арасында әр жылдары Абай мұрасына зерттеу нысанасы болған 114 ғылыми мақала жарияланғаны анықталды. 1996-2023 жылдар арасындағы ғылыми мақалалардың библиометрика көрсеткіштеріне талдау жасағанда, ғылыми зерттеу мақала санының 1997 жылы және арада біраз уақыт салып, 2020 жылы артқанын көреміз. Бұл құбылысты ұлы тұлғалардың мерейтойларының тойлануымен түсіндіруге болады. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы № 164 қаулысы бойынша М. Әуезовтың туғанына 100 жыл толуы мемлекеттік деңгейде атап өтілген болатын [7]. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 134 Жарлығы бойынша 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы елімізде және әлемдік деңгейде тойланды. Абайдың 175 жылдық мерейтойына байланысты Абай және оның шығармалары елімізде, шет елдерде көп насихатталды және жарияланған еңбектер саны бірнеше есе артты. Академик Серік Қирабаев 2007 жылы бұл жөнінде: «Ақын кітабын кезекті жариялау, көбінесе, мерейтойларға байланысты жүргізіледі» [8, 31-б.] деп жазған болатын. Абай тақырыбына жарияланған ғылыми мақалалар саны (3-сурет) көрсетілді.

Бұл график бойынша ең көп ғылыми мақала 2020 жылы жарияланған, (n=32), екінші орында 97 жыл (n=13), зерттеу мақалалары ең аз жарияланған жылдар 1998–2010 жылдар арасы (n=1), бұл жылдар арасында бір мақала ғана жарияланған.



3-сурет – Абай мұрасы жайлы ғылыми зерттеу мақалалар

Барлық жарияланған еңбектерге қарағанда, Түркияда шығатын ғылыми журналдарда түрік тілінде қазақшадан кейінгі екінші орында екені анықталды. «Türkoloji» - 12, «Biliğ» - 11, «Ясауи университетінің хабаршысы» - 8, «Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi» - 4, «Türk Dünyası Araştırmaları» - 4, «Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi» - 4, «Kastamonu Üniversitesi» - 4, «Türkiyat araştırmaları Dergisi» - 3 мақала, қалған төмендегі суретте көрсетілген журналдарда 1 ғылыми зерттеу мақала жарияланған (4-сурет).



4-сурет – Абай мұрасы жайлы ғылыми зерттеу мақалалар жарияланған журналдар

Абай шығармаларын зерттеуге бағытталған 1996–2021 жылдар арасында. 17.08.2023 уақытында <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/> дерекқорынан алынған мәлімет бойынша Түркияда түрік тілінде Абай мұрасы зерттеу нысанасы болған 11 магистрлік диссертация, 4 докторлық диссертация қорғалды, оның ішінде 2 магистрлік, 2 докторлық диссертация «Абай жолы» романына қатысты тақырыпта жазылған.



5-сурет – Түркияда 1996–2023 жылдар арасында Абай мұрасы тақырыбында қорғалған диссертациялар [<https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/>]

Түркі әлеміндегі Абай мұрасына қатысты жарияланған еңбектерді анықтап, жинақтау мақсатында түркі мемлекеттері ұлттық электрондық кітапханаларында деректерді анықтау, іздеу, зерттеу жұмыстары жасалды. (20.08.2023). Зерттеу жүргізілген түркі тілдерінде деректер жинақталған электронды кітапханалар мыналар: Azərbaycan milli kitabxanası <http://www.anl.az/>; Alisher Navoiy nomidagi O'zbekiston Milliy kutubxonasi <https://www.natlib.uz/>; Башкортостан Республикасының Әхмәт Зәки Валиди исемендеге милли кітапханасы <http://www.bashnl.ru/>, Татарстан Республикасы Милли кітапханәсіндегі <http://kitaphane.tatarstan.ru/>, Tүrkmenistanyñ Döwlet Kitaphanasy <https://Dovletkitaphana.Gov.Tm/>. Төменде көрсетілген ұлттық кітапханаларда түркі тілдерінде көрсетілген 20.08.2023 уақытта «Абай, «Абай Кунанбаев», «Абау», «Абай» деген кілт сөздер арқылы жасаған іздеу нәтиже көрсетпеді. Олар: Башкортостан Республикасының Әхмәт Зәки Валиди исемендеге милли кітапханасы (<http://www.bashnl.ru/>); Татарстан Республикасы Милли кітапханәсі (<http://kitaphane.tatarstan.ru/>); Tүrkmenistanyn dovlet medeniyetmerkezinin döwlet kitaphanasy <https://dovletkitaphana.gov.tm>. Баспасөз бетінде хабарландыру сипатында жазылған «Исгендер. Поэма» [9] атты Абайдың «Ескендір» поэмасының түркімен тіліне аударылып, жарияланғаны туралы ақпарат тапсақ та, Түркіменстанның мемлекеттік кітапханасы электрондық каталогынан еңбектің библиографиялық көрсеткішін көре алмадық.

Әзербайжан ұлттық кітапханасындағы іздеу нәтижесінде Абай мұрасы зерттеулеріне қатысты 1970–2021 жылдар аралығындағы 32 библиография көрсеткіші анықталды. Абай шығармаларының 3 аударма нұсқасы (2-сурет), 14 ғылыми зерттеу мақала және 10 жаңалық

сипатындағы баспасөз беттеріндегі хабарлар. Абай мұрасы бойынша 2010 жылы Абай және оның мұрасын оқыту мақсатында жоғары оқу орындарына арналған Фируза Агаеваның «Абай: җәхсиууәти вә әдәби ирси» деп аталатын оқулығы дайындалған екен. Кітапта Абай Құнанбайұлының өмірінің, шығармаларының әзербайжан тіліне аударылуы мәселелері тұжырымдалған. 2007 жылы профессор Н. Сафаровтың «Türk халқлары әдәбиууәти» деп аталатын 4 томдық жинақта, әзербайжан тілінде, Абай және оның шығармалары туралы өзбек тілінде Ташкенттегі Мәдениет баспасынан шыққан 2023 жылы «Turkiy adabiyot durdonalari» деп аталатын 100 томдық жинақтың 10-томында берілді.

Түркі әлемінде Абай және оның шығармалары жөнінде кітап, кітап бөлімі түрінде жарияланған еңбектер жаңа шыққаннан бұрнағы жылдарға қарай тізімі төменде берілді.

Өзбек тілінде жарияланған еңбектер:

“Turkiy adabiyot durdonalari” 100 jild. 10 jildiga Abay, qozoq poeziyasi va prozasi. Tashkent, (2023). Madaniyat;

Tanlangan asarlar. Abay. O. Muhiiddin. Abay Elektron resurs (2022).

Nazm 72 jild. Toshkent : O'zbekiston, 2022, 360 b.

Түрік тілінде жарияланған Абай мұралары:

Abay Kunanbayev Ve Ülküsü, Yunus Emre Tansü., Burak Yalçın (2021), 80 S, Ankara. Türk Dünyasının Bilgesi Abay Kunanbayoğlu. (2020). Nergis Biray, Güljanat Kurmangaliyeva Ercilasun, Soner Sağlam. Ankara: Bengü Yayınları. 664 p. (2010).

Abay: Adımı 'İnsan' koymuşlar. Nasil Cahil Olayım? D. Duisebayeva. (2018), Bilim ve İnsan, Gazikıtarevi (Kitap bölümü).

Garifolla Esim. Çevirenler: Gülkhamis Aristanova, Bayram Sürekli; Son okuma Ahmet Şımşek, Aıgul Tursunbayeva Meram /Konya : Cizgi Kitabevi, 2016. 360 s.

Abay: җәхсиууәти вә әдәби ирси. F. Ағәйева; Бақи, 2010, 173 s. (учебное пособие для вузов).

Garifolla E. Sozler Hakkindaki Sozler. (Abay'ın Nesir yazıları hakkında). Алматы, Абай атындағы ҚазМПУ, (2008).

Әзербайжан тілінде жарияланған кітап бөлімі:

Türk халқлары әдәбиууәти. 4 cildde. (tərt. ed. prof. Dr. N. Cəfərov; sponsor cənab A. Qaraşov, Ə. Cavadov, H. Mirələmov).

Абай Құнанбай және оның мұрасы жайлы түрік тілінде жарияланған журналдарда, энциклопедия бөлімдерінде және сайттарда жарияланған дереккөздер:

Kazak edebiyatı ve Abay Kunanbayev <https://bilgeabay.blogspot.com> «Білге Абай» сайты.

Abay Kunanbayev «Berceste» dergisi №154 sayısı.

Abay (1845-1904). Kazak Şairi, Bestekar, Düşünür Ve Edebiyatçı Islamansiklopedisi.org.tr.

“Abay (İbrahim) Kunanbayoğlu. Aşa Emel Yeni Türk İslam Ansiklopedisi, İstanbul, 1995, s. 13–16.

Muhtar Avezov ve Abay Yolu. Ekrem Ayan Türkler Ansiklopedisi, C. 19, s. 624–628, Ankara, 1999.

Abay İbrahim (Kunanbayev). Ali Abbas Çınar. (Not: Madde, Şakir İbrayev ile birlikte hazırlanmıştır)Türk Dünyası Edebiyatçıları Ansiklopedisi. Ankara, 2000.

I.C., Başbakanlık Atatürk Kültür Merkezi Yay., s. 10–12.

Kunanbayev Abay (1845–1904). Kazak şairi, bestekar, düşünür ve edebiyatçı. Kalkan İbrahim. TDK İslam Ansiklopedisi, Ankara, 2002, 26 cilt, s. 373–375.

Қорытынды

Бүгінде Абай және оның мұрасына қызығушылық арыда ғаламдық деңгейде, беріде түркі әлемінде артып отыр. Түркі әлемінде жарияланған Абай мұрасының мета-анализі түркі тілдерінде жарияланған ғылыми зерттеу мақалалар, кітап болып басылған Абай мұрасына қатысты еңбектер, қорғалған диссертациялар, аударма нұсқаларын анықтап, жүйелеп,

жинақтады. Өйткені Абай және оның мұрасына жасалған еңбектердің түркі әлеміндегі жәй-күйі, ғылыми зерттеу еңбектері мен түркі әлеміндегі ғылыми ортадағы деңгейі анықталып, сипатталуы – абайтану саласының бағыты, дамуы, нақты жәй-күйінің анықталып, саралануы тұрғысынан қажетті әрі жауапты жұмыс. Мақаламызда Абай мұрасының түркі әлемінде зерттелуінің жағдайын анықтап, сипаттауды мақсат етіп қойдық. Осы бағытта дерек жинау үшін Абай мұрасына жасалған зерттеулердің әлемдегі ғылыми беделді дерекқорлар мен ғылыми деңгейі жоғары ғылыми журналдарда жариялану жағдайын зерттедік. Абай мұрасына қатысты академиялық ғылыми зерттеулер өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша индекстелген халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, Web of Science, Researchgate.net, Scopus Elsevier деректер базасындағы <http://dergipark.gov.tr/https://trdizin.gov.tr/> ғылыми, академиялық рецензияланатын журналдарда халықаралық әлемдік стандарттарға сай жариялану қызметін электрондық ортада ұсынатын веб-сайтта және <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi> Түркия Жоғары білім беру, магистратура және докторантура диссертациялар архивінде орналастырылған дереккөздерінен анықталып, топтастырылып, талданды және зерттеу қорытындылары диаграммалармен көрсетілді.

Зерттеу қорытындысы бойынша, 1996–2023 жылдар арасындағы Абай мұрасына қатысты жылдар бойынша Түркияда жарияланған ғылыми зерттеу мақала саны 114, ол 3-сурет арқылы көрсетілді. Зерттеу жұмысында 2023 жыдың 17–20 тамыз айындағы уақыт аралығында түркі әлемінде Абай мұрасына қатысты 11 кітап, 114 ғылыми зерттеу мақала, 26 аударма; 11 магистрлік диссертация жұмыстары, 4 докторлық диссертация қорғалған. Мақаламызда барлығы 15 магистрлік және диссертациялық жұмыстар көрсеткішін анықтап, талдау жасалды. Барлық жарияланған еңбектерге қарағанда Түркияда шығатын ғылыми журналдарда түрік тілінде, қазақшадан кейінгі, екінші орында екені анықталды. Бұл Абай мұрасының түркі тілдерінде танытылуында, насихатталып таралуында Түркияда шығатын ғылыми журналдардың мүмкіндігінің жоғары екендігін және түркі тілдері арасында, түрік тілінің алдыңғы орында екенін де көрсетеді. Түркияда түрік тілінде жарияланған еңбектердің қорытындысы 4-сурет арқылы көрсетілді.

Elsevier Scopus ақпарат дерекқоры ғылыми библиография ақпаратының беделді және сенімді қайнаркөзі. Зерттеу қорытындысынан Scopus деректер базасында (17.08.2023) қаралған уақытта 1960–2023 жылдар аралығында жарияланған Абай мұрасына қатысты еңбектердің санының аз екенін (13) көруге болады.

2020 жылы Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында түркі әлемінде де жаңалық сипатындағы баспасөз беттеріне ақпарат көп жарияланды [10].

Зерттеу нәтижесі Абай мұрасының пәнаралық парадигмасы аясында Абай және оның мұрасы жайлы зерттеу жұмыстары санының аз екенін көрсетті. Осы құбылыстың негізінде Абай мұрасы пәнаралық парадигма тұрғысынан зерттелуі қажет деген қорытынды жасалды. Қазіргі заманғы білім берудің мақсаты тек бір ғана білім саласымен шектеліп қалуды қарастырмайды. Білім бізге Абай және оның ақиқаты жайлы ақпаратты табуға көмектесуі керек. Олай болса, Абай ілімі Абай жайлы ақпарат, мәліметтердің құрғақ жиынтығынан ғана емес, Абай ілімін ғылым негіздері өлшемдеріне қарай бағалау және жинақтаудың әдіс-тәсілдерін де қамтуы керек деп ойлаймыз. Пәнаралық байланыс тұрғысынан зерттеу әртүрлі салалардағы білімдерді біріктіруге және күрделі құбылыстарды тұтас түсінуге ықпал етуге негіз қалайды. Осыны ескеріп, әртүрлі пәндерде ғалымдар, зерттеушілер бірлесе отырып, пәнаралық зерттеулер жасау бағытында жұмыстар жүргізілуі керек деген ұсыныс білдіреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. [Электронды ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy (қаралған күні 19.08.2023)
2. Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. – Алматы: Таңбалы, 2012. – 580 б.
3. Сарыбаев Ш. Библиографический указатель литературы по тюркологии. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 193 с.
4. Мырзахметов М. Абайтану: Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1988. – 240 б.
5. Шукюров А. Творчество Абая Кунанбаева в Азербайджане // Литературный Азербайджан. – 2022. – №10. – С. 105–108.
6. Мухияева Г., Дүйсенбі А. Единица – жақсысы: Абай мұрасының ғаламтор антологиясы. – Алматы: Шет тілдер және іскерлік университеті, 2020. – 307 б.
7. Абай және архив. – Алматы: Ғылым, 1995. – 215 б.
8. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 5. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 456 б.
9. Духовная близость народов Казахстана и Туркменистана: к 175-летию Абая Кунанбаева [Электронный ресурс]. URL: <https://www.orient.tm/ru/post/23774/duhovnaya-blizost-narodov-kazahstana-i-turkmenistana-k-175-letiju-abaya-kunanbaeva> (дата обращения 21.08.2023)
10. Abay ve 21. Yüzyilda Kazakistan / çev. H. Sağdıç // International Journal of Volga-Ural and Turkestan Studies. – 2021. – №3(5). – S. 101–114. [Elektronik kaynak]. URL: <https://dergipark.org.tr/tr/pub/ijvuts/issue/60512/887511> (dolaşım tarihi 19.08.2023)

REFERENCES

1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyn «Abai jane XXI gasyrdagy Qazaqstan» atty maqalasy. [Electronic resource]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy (date of access 19.08.2023)
2. Ysqaquly D. Adebı syn tarihy. – Almaty: Tanbaly, 2012. – 580 b.
3. Sarybaev Sh. Bibliograficheski ukazatel literatury po tiurkologii. – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 193 s.
4. Myrzahmetov M. Abaitanu: Bibliografialyq korsetkish. – Almaty: Gylym, 1988. – 240 b.
5. Shukiurov A. Tvorchestvo Abaia Kunanbaeva v Azerbaidjane // Literaturnyi Azerbaidjan. – 2022. – №10. – S. 105–108.
6. Muhiiieva G., Duisenbi A. Edinica – jaqsysy: Abai murasynyn galamtor antologiasy. – Almaty: Shet tilder jane iskerlik universiteti, 2020. – 307 b.
7. Abai jane arhiv. – Almaty: Gylym, 1995. – 215 b.
8. Qirabaev S. Kop tomdyq shygarmalar jinagy. T. 5. – Almaty: Qazygurt, 2007. – 456 b.
9. Duhovnaia blizost narodov Kazahstana i Turkmenistana: k 175-letiu Abaia Kunanbaeva [Electronic resource]. URL: <https://www.orient.tm/ru/post/23774/duhovnaya-blizost-narodov-kazahstana-i-turkmenistana-k-175-letiju-abaya-kunanbaeva> (date of access 21.08.2023)
10. Abay ve 21. Yuzyilda Kazakistan / chev. H. Sagdich // International Journal of Volga-Ural and Turkestan Studies. – 2021. – №3(5). – S. 101–114. [Electronic resource]. URL: <https://dergipark.org.tr/tr/pub/ijvuts/issue/60512/887511> (date of access 19.08.2023)